4 Тіл майданының сарбазы



6 Кондитерлік цех желісі кеңейіп келеді



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

11 қаңтар, сенбі 2025 жыл

# Сыр бойы

№3-4 (20879-20880)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

ПРЕЗИДЕНТ

## КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халық жазушысы Мұхтар Мағауиннің отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айтты.

– Мұхтар Мұқанұлы ғибратты ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған, ұлттық әдебиетіміз бен тарихымыздың көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан заңғар тұлға еді. Төл руханиятымыздың төрге озуына, ұлт тарихнамасының тасқа басылуына өзінің алға қойған асыл мұратымен, қайтпас қажыр-қайратымен қалтқысыз еңбек сіңірді. Халық жазушысының қуатты қаламынан туған шығармалары, тарихи еңбектері, естелік-эсселері қалың оқырманның жүрегінен өз орнын тапты. Соңына бай әдеби мұра қалдырып, өнегелі өмір сүрген Мұхтар Мұқанұлының қайталанбас есімі халқымыздың жадында сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, – делінген жеделхатта.

## ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫН АТАП ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлемге белгілі кәсіпкер және жасанды интеллект саласындағы сарапшы Ли Кай-Фуды қабылдады.

Президент Sinovation Venture жасанды интеллект институтының президенті, доктор Ли Кай-Фумен кездесуде озық технологияларды енгізудің стратегиялық маңызын атап өтті. Сондай-ақ әлемдегі жетекші сарапшылармен тәжірибе алмасу цифрлық трансформациядағы өршіл мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ли Кай-Фу жасанды интеллектті білім, денсаулық сақтау, энергетика және қоғамдағы басқа да түрлі салаларда пайдалану бойынша пікір алмасты.

Қытай мен АҚШ елдерінде жасанды интеллект саласын дамытуда және бағдарламалық өнімдер әзірлеуде бай тәжірибесі бар Ли Кай-Фу Қазақстанның IT бастамаларды енгізу, бәсекеге қабілетті технологиялық экожүйе құру ісіндегі әлеуетін жоғары бағалады.



Коллаж К.Оразбаев

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

«Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет. Ең алдымен, су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажет. Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек»

**Мемлекет басшысының Жолдауынан**

### МИНИСТРЛІК ҚАБЫЛДАҒАН МІНДЕТТЕР

ҚР Үкіметі «Жұмысшы мамандықтарының жылын ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспарын» әзірлесе, Оқу-ағарту министрлігі кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасын бекітті. Іс-шаралар жоспарында өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, «Жаңа мамандықтар атласын» әзірлеу, кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасын жүзеге асыру, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, кәсіби білікті кадрлар даярлау, сапалы жұмыс орындарын құру, жұмысшы кадрлардың құқықтарын қорғау және мәртебесін көтеру қамтылған. Осы мақсатта кәсіпорындармен бірлесіп мектептерде 1000 бейіндік сынып ашылады.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, «Кәсіптік бағдар берудің реформасы оқушыларға еңбек нарығындағы жаңа талаптар туралы білуге, экономиканың нақты секторларындағы мансап перспективаларын бағалауға және мамандықтарды дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Бұл үшін мектептердегі кәсіби бағдарлау қызметі күшейтіледі, осы арқылы оқушылар толығымен кәсіби диагностикамен қамтылады. Жоғары сынып оқушыларын практикалық дағдыларға және колледждер базасында алғашқы жұмыс кәсібіне оқыту тәжірибесі енгізіледі».

Министрліктің мәліметіне зер салсақ, елімізде кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде 772 колледж жұмыс істейді, онда жарты миллионнан астам студент оқиды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудегі мемлекеттік тапсырыс көлемі 143 мың орынға ұлғайса, студенттердің стипендиясы екі есеге өскен.

Мемлекет колледждерді қаржыландырудың жаңа нормативін қабылдады. Осыған орай 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі екі есеге ұлғаяды.

3-бет

ТАЛҚЫ

## ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕНІҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ

Өңірлік саясатты жетілдіру және өңірлердің теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында вице-премьер Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен жобалық кеңсе құрылды. Оның құрамына барлық орталық мемлекеттік органдар, әкімдіктер, Парламент депутаттары және сарапшылар кірді.

Бірінші отырыс барысында жобалық кеңсе мүшелері өңірлердің әлеуетін ашуға ерекше назар аудара отырып, өңірлік дамудың жаңа тәсілдерін іске асыру жөніндегі шараларды талқылады.

«Өңірлердің әлеуетін толық пайдалану қажет, бұл ретте ең үлкен инфрақұрылымдық проблемалары бар өңірлерді қаржыландыруға бағытталуы тиіс. Өңірлерге жобаларды қаржыландыруда, оның ішінде түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталғанын ескере отырып, барынша дербестік беру қажет. Сондай-ақ салық түсімдерін асыра орындағаны үшін өңірлерді көтермелеу керек», – деді Қанат Бозымбаев.

Сонымен қатар отырысқа қатысушылар өңірлердің дамуындағы диспропорцияларды болдырмау, жаңа стратегиялық құжаттарды әзірлеу, сондай-ақ жергілікті жерлерде шешім қабылдауда аудан және ауыл әкімдерінің дербестігінің жеткіліксіздігі мәселелері бойынша шараларды талқылады.

2-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

## ОБЛЫСТА МЕТАПНЕВМОВИРУС ТІРКЕЛГЕН ЖОҚ

Әлеуметтік желіде «Қытайда жаңа вирус өршіді», «Қауіпті вирус тарап жатыр» деген сарында түрлі ақпарат желдей ескелі біршама уақыт болды. Осы орайда Денсаулық сақтау министрлігі ДДСҰ-ның мәліметіне сүйене отырып, қауіп жоғын мәлімдеді. Сонымен үрейді ұшырған метапневмовирус қандай ауру? Қаншалықты қауіпті?

«Метапневмовирус ауа арқылы жұғады» деп хабарлады министрлік.

– Инфекцияның негізгі белгілері – жөтел, мұрыннан су ағу, ентігу, бас ауруы. Ғылымға бұрыннан белгілі болғандықтан, оны жаңа вирус не оның жаңа мутациясы деуге келмейді, – дейді мамандар.

Ол – тұмау, пневмонияға ұқсас респираторлық вирустық инфекция. Алғаш рет 2001 жылы Голландияда анықталған, көбіне күн суық қыс мезгілінде ауа арқылы тарайды.

Биыл 7 қаңтарда Женевада өткен баспасөз брифингінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өкілі Маргарет Харрис метапневмовирустың таралуы қыс мезгілінде жиі болатын үрдіс екенін айтты.

«Қытайдың ауруды бақылау және алдын алу орталығының дерегі бойынша, назарға іліккен инфекция патогендері бұрыннан белгілі. Олардың қатарында тұмау, респираторлық-синцитиалды вирус және метапневмовирус, сондай-ақ пандемияға жеткізген Sars COV-2 вирусы да бар. Қытайдың ресми дерегіне сәйкес, маусымдық тұмау – ең жиі кездесетін инфекция», – деді М.Харрис.

2-бет




Фото: Ашық дереккөзден

ӨРКЕН

## ШАПШАҢДЫҚ пен ЕПТІЛІККЕ БАУЛИДЫ

Үстел теннисі олимпиадалық спорт түріне жатады. Кезінде елімізде кенжелеп қалған бұл спортқа кейінгі жылдары ерекше көңіл бөлініп отыр. Олардың қатарында Сыр өңірі де бар. Қазірге дейін облыста әуесқой деңгейде дамып келген еді. Ендігі кезекте талай жарыста топ жарған талантты өрендер Қызылорданың абыройын арттырады деген үміттеміз.




Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Орталықтағы кең залда теннисsuccеске арналған үстелдер орналасқан. Олардың барлығы халықаралық талаптарға сай келеді.

– Халықтың сұранысына сәйкес облыс басшылығы үстел теннисі орталығын салу жөнінде шешім қабылдаған еді. Оған облыстық бюджеттен және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорынан қаржы бөлініп, бас мердігер «СК Дәнекер» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізді. Қазір орталықта 16 үстел теннисі ойын алаңы бар. Жарысты 350 жанкүйер тамашалай алады. Бір мезетте 32 спортшы жаттығады. Сондай-ақ келушілерге арналған жаттығу залы және әкімшілік бөлмелері бар. Спорт кешенінде 31 қызметкер еңбек етеді.

2-бет

Валюта бағамы $ 524,75 kzt € 540,60 kzt ₽ 5,12 kzt | Ауа райы +6° +8° +7° +9°

# ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕНІҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ



Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үшін «Amanat» партиясының депутаттары Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп «Әкімдер мектебі» жобасын іске қосуды ұсынды.

«Жобалар іске асырылатын ауылдарды тиімді іске асыру және сапалы іріктеу үшін облыс әкімдіктері жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі кіші топпен бірлесіп, қажетті инфрақұрылым салу және өнімді өткізуге көмек көрсету жөніндегі нақты жоспарларды әзірлей отырып, әрбір ауылдың мамандануын айқындай отырып, скрининг жүргізуі қажет», – деп тапсырды Қанат Бозымбаев.

Вице-премьер жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша тапсырмалар берді.

«Мемлекеттік органдар арасында салааралық үйлестіру әлсіз. Бұл тәжірибені жою керек. Өңірлік және салалық саясатты келісілген іске асыруды жүргізу қажет. Бюджеттік бағдарламалар мен инвестициялық жоспарларды орындау синхронды түрде жүзеге асырылуы тиіс», – деп атап өтті Қанат Бозымбаев.

Мемлекеттік органдарға бір ай мерзімде өңірлік саясатты жетілдірудің әзірленген шараларын іске асырудың барлық ұсынылған шаралары бойынша ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге тексеру жүргізу тапсырылды.

1-бет

ИГІЛІК

# ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНАҒА ЖАҢА АППАРАТТАР АЛЫНДЫ






Көпбейінді қалалық ауруханаға 434,4 млн теңгенің компьютерлік томография және рентген аппараты алынып, халыққа сапалы медициналық көмек көрсету жұмысы жандана түсті.

Одан бөлек, өткен жылы ауруханаға 1 санитарлық автокөлік берілген болатын.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов пен облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов іске қосылған компьютерлік томография, флюорография аппараттарын көрді.

Аурухананың бас дәрігері Нұриддин Амитов жұмыс тиімділігін, пациенттерге сапалы медициналық қызмет көрсету деңгейін арттырудағы жұмыстарды атап өтті.

Сондай-ақ медициналық қызметтерді одан әрі жетілдірудің нақты қадамы жоспарланды.

Айта кетейік, көпбейінді қалалық ауруханадағы компьютерлік томография аппаратының тозығы жетіп, өткен жылы істен шыққан. Бұл науқастарға қиындық тудырды.

Жаңадан іске қосылған аппараттар ауруды ерте сатыда анықтауға мүмкіндік береді, науқастардың медициналық қызметке қолжетімділігін айтарлықтай жақсартады.

БРИФИНГ

# ДЕКЛАРАЦИЯНЫ БИЫЛ КІМДЕР ТАПСЫРАДЫ?

Елімізде 1 қаңтардан жалпыға бірдей декларациялаудың төртінші кезеңі басталды. Бастапқы жоспар бойынша бұл кезеңде барлық ересек азаматтар, оның ішінде студенттер мен зейнеткерлер де декларация тапсыруы тиіс болатын. Алайда Мемлекет басшысының жалпыға бірдей декларациялау тәсілдерін қайта қарау туралы тапсырмасына сәйкес, елден тыс жерлерде активтері бар адамдарды қоспағанда, азаматтардың осы санаты активтері мен міндеттемелері туралы декларацияларды ұсынудан босатылды.




Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Асқар Елеманов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жалпыға бірдей декларацияға енгізілген өзгерістер туралы айтып берді.

– Өздеріңізге белгілі, Салық кодексінің 71-тарауында жалпыға бірдей декларациялауды 4 кезеңге бөліп табыс ету міндеттілігі көзделген.

Жеке тұлғалардың жалпыға бірдей декларациялау мәселесі бойынша заңнамаға енгізілетін өзгерістерге сәйкес, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны (250.00-нысан) шетелде мүлкі бар ҚР азаматтары, резиденттері мен жеке практикамен айналысатын тұлғалар тапсырады. Сонымен қатар, сайланбалы лауазымға, мемлекеттік лауазымға орналасуға және олармен теңестірілген кандидаттар, оған қоса банктердің, бағалы қағаздар нарығының, сақтандыру ұйымдарының ірі қатысушылары болғысы келетін жеке тұлғалар да декларация ұсынады. Айта кету керек, жеке тұлғалардың жекелеген санаттары үшін міндетті декларациялау мен ерікті декларациялау құқығы сақталады, – деді ол.

**«СБ» ақпарат**

# ОБЛЫСТА МЕТАПНЕВМОВИРУС ТІРКЕЛГЕН ЖОҚ

Қазақстан Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова 8 қаңтарда өткен Үкімет брифингінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдемесіне сүйеніп, жұртты алаңдамауға шақырды.

«Әрине, Денсаулық сақтау министрлігі алдын алу іс-шараларын жасап жатыр. Бірақ жалпы бұл қалыпты жағдай, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына сілтеп айтсам, бұдан да жұмылып өтіп кетуіміз керек» – деді Т. Дүйсенова.

Қазір Қазақстанда бүкіл әлемдегідей ЖРВИ және тұмаумен сырқаттанудың маусымдық өсуі тіркеліп отыр.

«Адам метапневмовирусы – көптеген елде ондаған жылдар бойы таралған вирустардың бірі. Бұл вирустың штамдары Қазақстанда ЖРВИ және тұмау ауруларының маусымдық өсуі кезеңінде кеңістікте белсенді айналымда болатын инфекциялардың басқа түрлерімен қатар анықталды», делінген министрлік хабарламасында.

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің мәліметінше, эпидемиялық маусымның басында республика бойынша тұмауға жатпайтын вирустардан 8360 үлгі зерттелген.

Оның ішінде 1866 оң (22%), 178 паратұмау (9,5%), 433 РС вирусы (23,2%), 30 метапневмовирус (1,6%), 680 риновирус (36,4%), 113 бокавирус (6,1%), 226 аденовирус (12,1%), 206 коронавирус (11,1%) анықталған.

Метапневмовирус негізінен ауа тамшылары арқылы және кей жағдайда тұрмыстық байланыс арқылы тарайды. Министрлік вирустың нақты емі жоқ екенін айтып, симптоматикалық ем-шара қолдану керек екенін ескертті.

Осы орайда аймақтағы эпидахуалды білу үшін облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарымен хабарласқан едік.

Департаменттің мәліметінше, жаңа эпидемиологиялық маусымда облыс көлемінде жіті респираторлы вирусты инфекция 44599 адамнан анықталған.

– Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда аурушаңдық көрсеткішінің 10%-ға төмендегенін көрсетеді. Ауру ағымы ауыр өтіп жатқан 476 науқастан алынған анализдерге зертханалық талдаулар жүргізіліп, нәтижесінде 84 тұмау емес вирус анықталған. Басым көпшілігі РС вирус (47), аденовирусқа (23) сәйкес келеді, метапневмовирус анықталған жоқ. Сонымен қатар спорадикалық жағдайлардан 8 парагрипп, 19 риновирус, 2 бокавирус тіркелді. Тұмаудың 1 дерегі анықталды, былтыр осы мерзімде 264 жағдай есепке алынған болатын. Бұл аурушаңдық көрсеткіштері бойынша биылғы төмендеу тенденциясын көрсетеді. Жалпы алғанда эпидемиологиялық ахуалды тұрақты деп бағалауға болады, – деді департамент басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Десе де, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті халықты профилактика шараларын сақтауға және адам көп жиналатын жерлерде байланыстарды шектеуге шақырады. Бұл әсіресе, созылмалы аурулары бар адамдарға қатысты.

**Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»**

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

# ЖОБА ТАЛҚЫЛАНҒАН ЖИЫН

Облыс әкімдігінде «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасы талқыланған мәжіліс өтті. Оған ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, аталған министрліктің өкілдері, жергілікті атқарушы органдар мен су шаруашылығы саласының басшылары, ардагерлер қатысты.




Бахыт Жаханов аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде атқарылған жұмыстарға, алдағы жоспарларға тоқталды.

«Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының 3 негізгі компоненті бар. Соның 2-уі Қызылорда облысында тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметті қолдауға арналған.

Екінші компоненттің бес бағыты – балық шаруашылығы, туризм, жасыл белдеу құру, егін және мал шаруашылығы. Оған 39 жоба енгізілген, 13-ін Халықаралық «Аралды құтқару қорының» атқарушы дирекциясы, 13-ін жергілікті әкімдіктер, 4 жобаны Балық шаруашылығы ғылыми зерттеу орталығының Арал филиалы, 3 жобаны Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, 6 жобаны әртүрлі ұйымдар, жеке тұлғалар ұсынған.

Жобалар іске асқан жағдайда 1927 адам тұрақты жұмыспен қамтылуы жоспарланған. «Жаңақорған ауданы Сүттіқұдық ауылы аумағындағы суармалы алқаптарда 11 ұңғыманы бұрғылау» жобасы 2022 жылы Үкімет резервінен бөлінген қаржыға іске асырылды. Тағы 3 жоба қолға алынған.

Министрдің жұмыс сапары Арал ауданында жалғасады. Онда «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының техника-экономикалық негіздемесі талқыланатын мәжіліс өтеді деп жоспарлануда.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

# ШАПШАҢДЫҚ пен ЕПТІЛІККЕ БАУЛИДЫ

Бұл мектеп өткен жылдың 19 мамырында құрылып, бас директоры қызметіне Қанат Нұрмахан тағайындалды. Қазір орталықта Ернар Ибрай, Жәдігер Жалғасбаев, Саян Сәду секілді 3 жаттықтырушы 200-ден астам өренге тәлім үйретіп жүр, – деді облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасына қарасты Теннис спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі директорының орынбасары Жәнібек Оңталап.

Жаттықтырушы Ернар Ибрайдың айтуынша, бұл спорттың адам ағзасына тигізетін пайдасы орасан. Шапшаңдық пен ептілікке баулиды. Облыста үстел теннисі енді дамып келе жатқанымен қазірдің өзінде жергілікті спортшылар сан алуан сайыста алдыңғы лектен көріне бастады. Аделя Әлжанова кіші жасөспірімдер арасындағы ел біріншілігінде екінші орынға табан тіреді. Оған қоса Әлем би Айдарбек халықаралық сында ел намысын қорғауға мүмкіндік алып отыр. Ал Арсен Ержан ел біріншілігінде жақсы қырынан таныла білді.

– Қуанарлығы, қазан айында өткен республикалық «Алтын күз» ашық турнирінде Аделя Әлжанова жеңіс тұғырынан көрінді. Бұл жетістік жоғары бағалауға тұрарлық. Елімізде бұл жөнінен Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды қалалары алдыңғы орындарда тұр. Жалпы, шеберлік жарыстарға қатысу арқылы шыңдалады. Облыста турнирлер тұрақты өткізіледі. Шәкірттеріміздің сайысқа көбірек қатысқанын қалаймыз, – деді Ернар Ибрай.

**Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы»**

1-бет



# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР ДАЯРЛАУДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖОҒАРЫ

Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, білім ұйымдарын заманауи материалдық-техникалық құралдармен жабдықтау және педагогтердің біліктілігін арттыруға басымдық беріледі. Сонымен қатар, дуальды оқыту жүйесін дамыту және кәсіпорындардың мақсатты тапсырысы негізінде мамандар даярлау үшін бизнес-құрылымдар мен инвесторларды белсенді түрде тарту жоспарлануда. Тағы бір тың бастама, шетелдік колледждермен тәжірибе алмасып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, сондай-ақ студенттердің академиялық ұтқырлық шеңберінде өз білімдерін жетілдіруіне мүмкіндік жасалады.

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Астанада техникалық және кәсіптік білім беру студенттерін қолдау, дамыту үшін Ұлттық құзыреттілік орталығы құрылады. Сондай-ақ бұл орталық WorldSkills чемпионаттарын өткізу базасына айналады.

Маңызды шаралардың бірі – биыл Ақтау қаласында түркітілдес елдер арасында Turkiskills – 2025 алғашқы кәсіби шеберлік чемпионаты өтеді.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС 5308 ОРЫН

Мемлекет басшысының Жолдауынан туындаған міндеттерге сәйкес 2025 жылы 9-сыныпты бітірушілер арасында жұмысшы және орта буын мамандықтар бойынша білім алуға ниетті жастарды 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамту жоспарланған. Осыған орай биыл республикалық бюджеттен 2200 орын, жергілікті бюджеттен 3108 орын, барлығы 5308 орын мемлекеттік тапсырыс бөлініп отыр. Бұл жастардың кәсіптік білім алуына берілген мүмкіндік десек болады. Сонымен қатар, дайындалған кадрлардың сапасы, яғни кәсіби біліктілігі олардың жұмысқа орналасуымен бағаланатыны айтпаса да түсінікті.

Осы орайда өткен жылдардағы көрсеткіштерге назар аударсақ, 2023 жылы колледждерді бітіруші 5293 студенттің 4585-і жұмысқа орналасып 86,6 пайызды, ал мемлекеттік тапсырыспен бітірген 3401 студенттің 2903-і жұмысқа орналасып, көрсеткіш 85,4 пайызды құраған.

2024 жылы 5895 студент, оның ішінде 3916-ы мемлекеттік тапсырыспен оқуын аяқтады. Бүгінгі күнге 4270 бітіруші жұмысқа орналасып, көрсеткіш 72 пайызға жеткен.

1-бет

Айта кетейік, «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында колледждердің 100 үздік бітірушісіне тұрақты жұмысқа орналасуы үшін арнайы жолдама беріледі.

## КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

Өңірде 28 колледж 97 мамандық және 158 біліктілік бойынша еңбек нарығына қажетті кадрлар, оның ішінде 19 колледжде 45 мамандық 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар даярланады.

Іс-шара жоспарында облыстың әлеуметтік-экономикалық даму картасына сәйкес өңірлік экономика үшін басым салалар айқындалды. Бұл ретте колледждерді салаландыру, дуальды оқыту, модульдік білім беру, халықаралық стандарттарға сәйкес кадрлар даярлауды жүзеге асыру арқылы еңбек нарығына қажетті, сұранысқа ие жұмысшы мамандарды әзірлеуге басымдық беріледі. Тағы бір тың бастама, «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай мектеп оқушысын қабілеті мен бейіміне қарай бала жастан болашақ мамандығына баулып, кәсіп таңдауға бағыт-бағдар беру жұмыстары қолға алынады.

Бұл орайда барлық мектептерде кәсіби бағдар беру кабинеттерін ашу, «Кәсіби бағдар беру педагогі» штат бірлігін енгізу, «Жұмысшы күні» жалпы республикалық жобасы аясында мектеп оқушыларының мамандық бағыттары бойынша кәсіпорындар мен мекемелер базасына барып, еңбек адамдарымен кездесіп, олардың жұмысымен жақынырақ танысуы қамтамасыз етіледі.

## КОЛЛЕДЖДЕРДЕ БІЛІМ БЕРУ АЯСЫ КЕҢЕЙЕ ТҮСЕДІ

Облыстық іс-шаралар жоспарында техникалық және кәсіптік білім беру саласында жұмысшы кадрларын даярлау жүйесін жаңғырту және жұмысшы мамандықтарына деген қызығушылықты арттыру шаралары көзделген. Бұл бағытта халықаралық байланысты дамыту, шетелдік колледждермен бірлескен бағдарламаларды жүзеге асырудың маңызды екені белгілі.

Осы мақсаттағы жұмыстар өткен жылы бастау алды. Атап айтар болсақ, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі 2024 жылдың желтоқсан айында Атырау облысындағы «OPEG» тренингтік орталығының жетекшілігімен халықаралық аккредитациядан өтіп, сертификат иеленді. Мұның нәтижесі, енді аталған колледж халықаралық стандарттарға сәйкес энергетика саласы бойынша білікті кадрлар даярлайды.

Бұдан бөлек, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі және «Орда» жоғары колледжі шетелдің жоғары оқу орындарымен, колледждерімен байланыс орнатып, тұрақты тәжірибе алмаса отырып, халықаралық талаптарға сай мамандар әзірлейді.

## ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Облыстық білім, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жұмысқа орналастыру бойынша колледждерге бірыңғай электронды (Enbek.kz) платформа енгізеді.

Жоспарда кадр даярлауға жұмыс берушілердің қатысу шаралары көрсетілген. Жұмысқа орналастыру міндеттемесі бойынша кәсіпорындардың қатысуымен мақсатты мемлекеттік тапсырыс негізінде даярланатын кадрлар санын арттыру қажет.

Осы ретте, 2024-2025 оқу жылында 4608 орын мемлекеттік тапсырыс бойынша талапкерлер оқуға қабылданды. Оның ішінде жұмыс беруші кәсіпорындардың сұранысы негізінде 356 орын мақсатты мемлекеттік тапсырыс бойынша кадрлар даярлау үш жақты келісім-шарт негізінде жүзеге асырылды. Оқуға қабылданған студенттердің теориялық білімін кәсіпорын базасындағы іс-тәжірибемен ұштастыруға және практикадан сапалы өтуіне, нәтижесінде олардың тұрақты жұмысқа орналасуына кәсіпорындар тікелей жауапты болады.

Атаулы жылға орай аймақтың еңбек нарығына қажетті, сұранысқа ие мамандықтардың ұзақ мерзімді болжамын анықтау үшін Мамандықтар атласын әзірлеп, соған сәйкес жаңаларын ашу жоспарлануда. Осы ретте 2023 жылы жергілікті бюджеттен 22 млн теңге қаржы бөлініп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 20 қызметкерді арнайы оқудан өткізді.

Осы жыл аясында облыс көлемінде «Наурыз Фест» жұмысшы мамандықтар фестивалі, «Үздік мамандық», «Топ 100 студент», «Еңбек жолы», «Үздік шебер», «Парыз», «Үздік жыл жұмыс берушісі» конкурстары, «Отбасылық династия» байқауы, «WorldSkills» чемпионаты, облыстық марафон және «Жұмысшы мамандықтар жылының» қорытындысымен «Өз ісінің шебері» номинациясы бойынша арнайы іс-шара өткізу жоспарланған.

## КЕЛІСІМ-ШАРТ ЖАСАСАДЫ

Биыл «Саутс-ойл» компаниясының демеушілігімен 4,8 млрд теңгеге 200 орындық жатақханасы бар, 400 орындық музыкалық колледждің жаңа ғимараты пайдалануға беріледі. Бұл шығармашылық пен өнер жолын таңдаған жастар үшін ерекше қолдау деп білеміз. Заманауи талаптарға сай жаңа оқу ғимаратында жас таланттардың өз қалауына қарай шығармашылық ізденісі арта түсері сөзсіз.

«Жұмысшы мамандықтар жылында» 15 мемлекеттік колледж ірі жұмыс беруші кәсіпорындар мен мекемелерге шефтік қамқорлыққа беріліп, келісім-шарт негізінде жұмыс жасайды. Осы орайда Абылай хан атындағы жоғары колледж базасында «Тігін ісі» мамандығы бойынша шағын кәсіпорын ашу жоспарланып отыр. Ал Арал индустриалды-техникалық колледжі мен С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі базасында «Құзыреттілік орталығы» ашылады. Сонымен қатар, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжі мен М.Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжі базасында студенттер үшін «Бизнес-стартап» жобасы жүзеге асырылады.

Айта кетейік, жастарға кәсіби бағдар беру бағытындағы жұмыстарды облыстық білім басқармасы, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармалары, кәсіпкерлер палатасы бірлесе отырып атқарады.

**Ғазиза ӘБІЛДА,**
**«Сыр бойы»**

# АТАУЛЫ ЖЫЛДАН ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР КҮТЕМІЗ



2025 – «Жұмысшы мамандықтар жылы». Бұл бастама жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болып қалыптасу идеясын насихаттау мақсатында қолға алынып отыр. Статистикаға сүйенсек, елімізде осы күні 2 млн 300 мың адам 2 мыңнан астам жұмысшы мамандық бойынша еңбек етеді екен. Олардың 52 пайызы – кәсіби немесе техникалық білім алғандар. Бұл саладағы мамандарға сұраныс жыл өткен сайын артып келе жатқанын ескерсек, арнаулы орта білім беру жүйесіне мемлекет қолдауы еселенеді деген сөз. Қызылорда қаласында орналасқан Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледж директоры Жәнібек Исаевпен сұхбатта жұмысшы мамандықтары бағытында оқитын жастардың қатарын арттыру және кәсіптік білімнің сапасын көтеру жайын қозғадық.

***– Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» ретінде жариялауы бір демде туған шешім болмағаны анық. Бұл осы салада шешімін күткен мәселелер барын және қара нардай болып жүрген қарапайым жұмысшылардың қоғамдағы орнын, мәртебесін көтеру әлі де өзекті екенін көрсетеді. Бұл қатарға тағы не қосар едіңіз, сіз қандай өзгеріс, нәтиже күтесіз?***

– Мен өзі Кеңес одағын аңсап жүрген адам емеспін. Бірақ әр заманның жақсы тұстары болатынын жасыра алмаймыз. Біз мектепте оқығанда оқу-өндірістік комбинат деген болды. Былайша айтқанда, балаларды кәсіптік білімге баулу әдісі. 9-10 сыныптан бастап бізді көңіліміз қалаған кәсіпке бейімдейтін. Аптасына бір рет арнайы базаға барып, тәжірибе жүзінде іске асыратынбыз. Мен, мысалы, токарь боламын деп шештім. Басқа оқушылар біреуі автомобиль жүргізушісі, біреуі слесарь, енді бірі тігінші сияқты мамандықтарды таңдады. Бір күніміз сол базаның ішінде өтетін. Бұл қай-қайсымыз үшін де тәжірибе алаңы болды. Енді бізге осы жүйені заман талабына сай қайта жаңғырту қажет. Екі-үш жыл бұрын өңірлік кәсіпкерлер палатасы мен облыстық білім басқармасы Қызылорда қаласындағы мектептердің бірінде «Оқу-өндірістік комбинат» жобасын қолға алған-ды. Тек осындай игі бастамалар аяқсыз қалмаса екен. Бұл болашақта түлектің саналы түрде орта немесе жоғары арнайы білім алуға, мансапқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін маман болуына септігін тигізеді деп есептеймін.

***– Жұмысшы мамандар даярлау саласында өзіңіз басқарып отырған колледж де бар. Осы орайда оқу орнында қандай мамандық иелері оқиды, оның ішінде қайсыларына басымдық берілген?***

– Елімізде техникалық және кәсіптік білім беруге бөлінетін мемлекеттік грант саны жыл өткен сайын артып келеді. Бұл талапкерлерді жұмысшы мамандығын таңдауға ынталандыратыны сөзсіз. Біздің колледжде бүгінде 720 бала білім алып жүр, соның 645-і – мемлекеттік білім грантының иегерлері. Бір жылға оқу ақысы – 130 мың теңге, белгілі бір топ өкілдеріне арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Құрылтайшылар демеушілер тарту арқылы кейбірінің тегін білім алуына мүмкіндік жасайтын кездер де болады. Дуальды оқыту жүйесінде 5 мамандық бойынша 192 білім алушы қамтылған. Жұмысшы мамандығы бойынша төтенше жағдай кезінде қорғау, құтқарушы біліктілігі бойынша 109 бала оқып жатыр. Одан бөлек, бізде модельер-пішуші, құрылыс материалдары өндірісіндегі жабдықты реттеуші, газ құбырын пайдалану және жөндеу слесары, киім конструкторы, санитарлық-техникалық жүйелер мен құрылғыларды құрастырушы, ақпараттық жүйелер технигі, техник-электрик, кең бейінді құрылыс жұмыстарының шебері және тағы басқа мамандықтарды игеріп шыға алады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру, денешынықтыру және спорт мамандықтарының баспалдағын қалыптастыруға да мүмкіндік бар.

***– Колледждің материалдық-техникалық базасы қай деңгейде? Теория жүзінде оқыту өз алдына, бірақ одан көзбен көріп, қолмен ұстағандай болмайды...***

– Қажеттілікке байланысты заман талабына жауап беретін спорт залын салдық. Одан бөлек, кабинеттер арнайы жабдықталған, шағын тігін цехымыз бар. Колледжде теориядан гөрі практикалық сабақтарға жіті көңіл бөлінеді. Балалар өндірістік тәжірибені мекемелер мен компанияларда өткізеді. Білімі мен кәсіби біліктілігін ұштастырып, көзге түскендерін жұмыс берушілер алып қалып та жатады. Жыл сайын облыс мектептерін аралап, оқушыларды оқуға шақырып, үгіт-насихат жүргізген кезде білім алушылар үшін осындай мүмкіндіктер барын айта жүреміз.

***– Қандай жетістіктермен, шәкірттермен мақтана аласыздар? Өткен жылды қалай қорытындыладыңыздар?***

– Ұстаздар арасында оқу-ісі жөніндегі орынбасарым Ботакөз Таңқыбаева «Білім берудегі өзгерістің 1000 көшбасшысы» жобасы аясында 2024 жылы мектепке дейінгі білім беру, орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан республикалық басшылардың кадр резервіне іріктеліп алынды. Резервтегілер бірінші басшының бос лауазымына конкурстық рәсімдерден өтпей тағайындалады. Барлық кезеңнен сәтті өтіп, сертификат алғандарға «басшы-көшбасшы» біліктілік санаты беріледі. Тағы бір әріптесіміз Шаттық Айтбай облыстық білім басқармасы ұйымдастырған «Үздік жалпы пән оқытушысы-2024» атты облыстық байқаудан сертификат иеленді. Бұдан бөлек, көптеген білім алушымыз білім додаларында, спорт бәсекелерінде бақ сынап, жүлделі орындардан көрініп үлгерді.

Сондай-ақ сантехника және жылыту технологиясы саласында Айшат Сайлаубаева марапатталды. Осы оқу жылында Астанада өткен ұлттық чемпионатқа сантехника және жылыту, ұялы қосымша әзірлеу бағыттары бойынша екі студент апардық. Орынға ілікпесек те бұл біз үшін де, балалар үшін де үлкен тәжірибе алаңы болды. Айта кету керек, бұл оқу жылында мобильді қосымшаларды әзірлеуден біздің облыс тұңғыш рет республикалық деңгейде бақ сынап көрді.

***– Биыл колледждердегі техникалық мамандықтарға бөлінетін грант саны көбейгенін білеміз. Бұл құптарлық, бірақ жастардың кәсіптік мамандыққа қызығушылығы қандай? Мәселе сонда сияқты...***

– Өкінішке қарай, қоғамда кәсіптік-техникалық білімге оң көзқарас қалыптасқан жоқ. Ата-аналар баласының мектепті аяқтауға қабілеті жетпейтінін біліп бізге әкеледі. Одан бөлек, білім грантының мүмкіндігіне және шәкіртақыға арқа сүйеп, осында оқитатын да адамдар бар. Жұмысшы мамандықтарын да кәсіпкерлік сияқты экономиканың драйвері деуге болады. Ковид пандемиясы кезінде бизнес иелері сияқты олардың да жұмысы үзілген жоқ. 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны қуантарлық. Бірақ бұған дейінгі басы бар, аяғы жоқ кейбір жобалардың кейпіне түсіп, шала-жансар күйде қалмағаны дұрыс. Өйткені біз әлі құр есеп берумен шектеліп, қағазбастылықтан арыла алмай келеміз. Ал бізге керегі – көп сөз емес, тындырымды іс. Өз басым жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттырудың бірден-бір жолы жалақыны өсіру деп есептеймін. Кезінде мұнай-газ саласында жалақы жоғары болғанда жастардың осы бағытқа қызығушылығы артқаны рас. Ал қазір тау-кен ісіне бет бұрғандар көбейді. Жұмысы ауыр болғанына қарамастан жастарымыз жалақысы үшін кенді орындарға кетіп жатыр.

***– Оқу бітіргендердің жұмысқа орналасуына талдау жасала ма, нәтижесі туралы білгім келеді...***

– 2023-2024 оқу жылына талдау нәтижесі туралы айтайын. Жұмысшы мамандықтары бойынша 44 бала колледж бітірсе, соның 13-і оқуын жалғастыруды құп көрді. 12-і әскери борышын өтеуде. Ал 19 бала еңбекпен қамтылды.

***– Олардың арасында мемлекет қолдауымен немесе жеке қаражаты есебінен өз кәсібін ашып, жолға қойғандар бар ма?***

– Ондай түлектеріміз бар. Мысалы, Назерке Кенжетай, Гүлбақыт Ізім есімді қыздарымыз тігін ательесін ашып, кәсібін дөңгелентіп отыр. Екеуі де өз қарым-қабілеттерінің арқасында жақындарының қолдауымен кәсіп бастағанын айтуға тиіспіз. Тігін мамандығында оқыған сіңлілері осы ательелерде өндірістік тәжірибеден өтті.

***– Мемлекеттік наградалар жүйесіне 9 жаңа құрметті атақ енгізілді. Олардың қатарында құрылысшылар, кеншілер мен шахтерлар, ауыл шаруашылығы қызметкерлері бар. Жұмысшы мамандықтарына тағы қандай қолдау жетіспейді?***

– Жұмысшы мамандар дегеніміз кімдер? Олар – механиктер, электриктер, слесарьлар, дәнекерлеушілер, столярлар, кондитерлер, тігіншілер және тағы басқа. Бұл мамандықтар өндіріс, құрылыс, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы сияқты түрлі салаларда маңызды роль атқарады. Экономикалық даму қарқыны жоғары, әлеуметтік теңдікке көңіл бөлетін мемлекеттерде олардың еңбегі жоғары бағаланады. Еңбекті бағалаудың бірнеше критериі бар. Соның ішінде ең бастысы – жұмысшылардың жалақысы дер едім. Атаулы жыл аясында жұмысшы мамандарды ынталандыру, олардың еңбегін насихаттау бағытындағы іс-шаралар жаңа қарқынмен жалғасады деген сенім бар. Кәсіптік-техникалық білім беру саласы да реформаланып, түрлене түссе, құба-құп.

***– Әңгімеңізге рақмет!***






***– Жұмысшы мамандықтарының беделін көтеру мақсатында елімізде «WorldSkills Kazakhstan» чемпионаты өтіп тұрады. Осындай додаларға қатысып тұрасыздар ма?***

– «WorldSkills Kazakhstan» ұлттық чемпионаты жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен келген талантты жастарды, сарапшылар мен тәлімгерлерді бір алаңда тоғыстырады. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған дода Қазақстанның білім беру саласындағы жаңа жетістіктерді паш етеді. Ұлттық чемпионаттың республикалық кезеңіне дейінгі сында ұл-қыздарымыз топ жарып жүр. Мысалы, 2022 жылғы облыстық чемпионатта сантехника және жылыту құзыреттілігі бойынша жоғары кәсіби шеберлігі мен біліктілігін көрсеткені үшін Диас Аманбай, Бақытбек Сәрсенбаев, 2023 жылы Икрам Болатбекұлы, сән

**Сұхбаттасқан**
**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы»**

Сыр бойы

№3-4 (20879-20880) 11 қаңтар, сенбі 2025 жыл

# ТІЛ МАЙДАНЫНЫҢ САРБАЗЫ



Фото: Ашық дереккөзден.

Сәдуақас Аңсат 1945 жылдың 12 қаңтарында Қармақшы ауданының Жосалы кентінде дүниеге келген. Орта білімнен кейін құрылыс технологі мамандығын алып шыққан. Мәскеу қаласындағы СОКП Орталық Комитетінің жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын бітіріп, саясаттанушы мамандығын алған. Еңбек жолын құрылыс саласынан бастап, кейін Қармақшы аудандық атқару комитетінде аудандық архитектор, облыстық атқару комитеті төрағасы орынбасарының көмекшісі, облаткомның күрделі құрылыс басқармасының бастығы болып қызмет етті.

1980 жылы облыстық партия комитетінің жолдамасымен облыстық партия комитеті аппаратында нұсқаушы, 1982 жылы қалалық партия комитетінің 2-хатшылығына сайланды. Бұл қызметте 1991 жылдың ортасына дейін істейді.

Еліміз нарықтық экономикаға көшкенде облыстық еңбек бас басқармасына басшылық жасап, «Харрикейн ҚұмкөлМұнай» компаниясында, кейін Астанада республикалық Көші-қон және демография агенттігінде, «Ақ жол» партиясында инспектор, «Шаңырақ» ҚБ Астана қалалық филиалының директоры қызметтерін атқарды.

Зейнетке шыққан соң туған жерге оралып, 2010 жылдан бері Халықаралық «Қазақ тілі» ҚБ облыстық филиалының төрағасы, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы болып келеді. Осы уақыт аралығында әр саладағы республикаға танымал мемлекет және қоғам қайраткерлерімен қызметтес болған. Ардагер ағамызды 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, әріптестерінің естеліктері мен құттықтау лебіздерін жариялап отырмыз.

**Қырымбек КӨШЕРБАЕВ, мемлекет және қоғам қайраткері, саясаттану ғылымдарының докторы:**

– Иә, ықылым заманнан бері қазақ елінде қалыптасқан дәстүрге сәйкес «Елiңде кімің бар?» деген сұрақ қою әдетке айналған. Өйткені, елдің келбетін табиғаттың ландшафты емес, жерасты байлығы емес, қабырғалы азаматтары қалыптастырған ғой. Қайран Махамбеттің осындайда «Азамат, сені сақтадым, бір күніме керек деп» айтқан сөзі есіңе түседі. Туған еліңе керек кезде, керек жерде табыла білу – кемелдік. Сексеннің сеңгіріне шығып отырған Сәдуақас Аңсат ағамыз Алаштың анасы – Сыр елінде дүниеге келген, аузының дуасы бар, абыройлы азамат, енді ел ағасы.

Жас кезімізде Қызылорда қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы ретінде қалалық партия комитетінің екінші хатшысы Сәдуақас ағаның жүрегінің жұмсақтығының да, көзқарасының табандылығының да талай куәгері болдым. Кейін ұлтымыздың көкейтесті мәселелерін ағалы-інілі ретінде бірлесе, пікірлесе отырып шешуге атсалыстық. Әсіресе, қазақ руханиятына, қасиетті де киелі қазақ тіліне жасаған қыруар еңбегін ұлтжанды қайраткер азаматтар ерекше сыйлайды.

Мен үшін қасиетті Түркістан қаласында, «Қазақ тілі» қоғамының құрылтайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың аманатын орындап, Мемлекеттік хатшы ретінде Сәдуақас ағайға Тәуелсіз еліміздің «Парасат» орденін тапсыру ерекше қуанышты сәт болды.

Туған аймақтың басшысы болған кезімде әсіресе, идеология, руханият мәселелері бойынша қолдау-көмегіне сүйеніп отырдым. Ол кісі де үлкендігіне қарамай елді аралап, жиі кездесулер өткізіп, өзекті мәселелер бойынша өзінің көзқарасын ашық айтып отырушы еді. Бір сөзбен айтқанда, рухымызға жанашыр, сасқанға сая, асқанға тосқан, ұрпаққа ұстаз ағамыздың бүгінгі мерейтойы аясында айтарымыз, көкте Алла, жерде аруақтар қолдап, еліміздің игілігі үшін жүз жасаңыз деп тілейміз!

**Әлихан БӘЙМЕНОВ, мемлекет және қоғам қайраткері, Астана мемлекеттік қызмет хабы басқарушы комитет төрағасы:**

– Қазақта даланың бөрісіне қатысты бірішек деген ұғым бар, яғни бұл алған бетінен таймай, шаршамай-шалдықпай, өзінің мақсат-мұратына жетуге тырысып, көп азықты да қажет етпейтін арланына айтылған теңеу. Маған Сәдуақас Аңсат ағамыздың келбеті бір сөзбен суреттегенде сол бірішекті дала бөрісінің арланындай деген ұғымға сиятындай.

Себебі сонау 90-жылдардың ортасындағы аласапыран кезде әлеуметтік салада жұмыс жасағаны болсын, кейін «Ақ жол» партиясының қатарында қоғамдық жұмыста, кейін ағарту бағытындағы бірге атқарған жұмыстарымызда, одан соң мемлекеттік тілдің мәртебесін алған қазақ тілін өзінің лайықты мәртебесіне көтеру үшін тілімізге сақшылық жасап жүргенінде де, сол бір бетінен қайтпайтын, өзінің қағидаларын ұстанатын, ұзаққа шабатын арғымақтың келбетіндей.

Сәкең мен оның ағасы Сәпен – рухани дүниесі бай ерекше тұлғалар. Қазақ жас адамды қағылез, елгезек дейді. Ал сексеннің сеңгіріне келгенше осы қасиеттерді жоғалтпай, енжарлықты жақындатпай, қай мәселеге болмасын жанашырлықпен қарап, бей-жай тұра алмайтын, шамасы келген жерде түрлі мінберлерден соны көтеріп, ақиқаттың ауылына елді шақыратын тұлғалар сирек кездеседі. Сол сиректердің қатарында осы ағайынды қос Сәкең бар.

Сәкең бір қарағанда түсі суық болып көрінеді. Бірақ жақындап араласа келгенде ол кісінің бойынан жылылықты да, жанашырлықты да табасың.

Осы жолдарды жазғанда есіме түсіп отыр, кезінде Сәкеңнің 60-қа келген мерейтойында Бақытжан Момышұлы ағамызбен дастарқандас болған едім. Сонда Бәкең тойдағы сөзінде: «Адалдықтың алтын тағындай ардақты азамат Сәдуақаспен таныстығымыз достыққа айналды» деп еді. Бәкең ағамыз өз әулетіне тән бір мінездің ұшқынын көрген шығар деп ойладым. Осы айтқанының дәлеліндей Бәкең кейін Сәкеңді бас кейіпкер етіп, сырбойылықтарға деген өзінің құрметін білдіріп, «Орда – алая, Мечеть – белая» деген роман-эссесін жазды.

Шынында да Сәкең мінезді адам, бірақ көрінген жерде ашынып айқайға басып, ұрандай бермейді. Шамасы келгенше жасампаздықпен қай істі болмасын шешуге ұмтылады. Сонымен қатар бойында бір ерекше ыждағаттылық бар. Өзі сексеннің сеңгіріне жақындаған кезде «Тіл сақшысы» атты республикалық газет шығару үшін тапжылмай отырып мәтінмен жұмыс жасау, ақпарат жинау, қоғамдық мәселені көтеру үшін оған жігер, қажырлы еңбекпен қатар ыждағаттылықты қажет етеді.

«Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының жұмысын ретке келтіріп, оның жанынан «Тіл сақшысы» басылымын шығарумен шектеліп қалмай, енді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының қайтадан жандануына ұйытқы болып, шет аймақта жүрсе де республикалық деңгейдегі қоғамдық, саяси мәселелерге араласуы ерекше бір ұлтжандылығын, саяси деңгейінің биіктігін көрсетеді.

Сол себепті де мерейтойы қарсаңында біздің қоғамда әр буынның ішінде Сәкең секілді азаматтардың мол болғанын қалайтынымды айтқым келеді. Себебі ол қай саяси ұстанымда болмасын, ұлт тағдырына бей-жай қарай алмайды. Қай саяси ұстанымда жүрмесін, шын адал көңілімен өзінің ұсыныстарын жеткізуге тырысады және тазалыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа баулиды. Ал бұл – өз кезегінде ұлтымыздың жаңа биікке шығуы, әлемде бәсекелестікке қабілетті болуы үшін қажет қасиеттер.

**Алтыншаш ЖАҒАНОВА, жазушы-драматург, қоғам қайраткері, «Қазақстан әйелдері» журналының президент-бас редакторы:**

– Адамның сөйлеген сөзіне, істеген ісіне, еткен еңбегіне қарап-ақ ішкі жан дүниесінің болмысын тап басып тану қиын емес. Жақсы адамдар қашан да жақсы істерімен жан-жағына шуақ шашып, еліне елеулі еңбегімен кеңінен танылып жүреді. Адам баласының қоғамда бағалануы, дәріптелуі, ардақталуы тек еткен еңбегіне ғана емес, кейде тікелей оның адамгершілік қасиеттеріне де байланысты болады. Айналасындағыларға қайырымды, адал жандар тынымсыз еңбегімен де ел ішінде танылып, қоғамда үлкен сый-құрметке бөленіп жатады. Сәдуақас Аңсатов – ел ішінде жақсы ісімен, елеулі еңбегімен танылып, көпшіліктің құрметіне бөленген азамат.

Өз ісіне адал, адамгершілік қасиеттері мол Сәдуақас Әбдіқадырұлын Көші-қон агенттігін басқарған кезімде өзіме кеңесші етіп қызметке қабылдағанмын. Қолға алған ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын азаматтың іскерлігіне, біліктілігіне сол кезде риза болдым. Өзі жетекшілік еткен саланың мамандарына білікті де іскер басшы болып қана қоймай, қайырымдылығын көрсетіп, жанашырлығын да танытушы еді. Ұйымдастырушылық қабілеті зор, жаңашылдығы мол қызметкердің бірі болды.

Адам баласының ең жақсы қасиеті – жақсылық жасау. Біле білсек, адам адамға жақсылық жасау үшін жаралған. Жан-жағына жақсылық жасап, шапағат нұрын шашып жүру – адамгершіліктің белгісі, үлкен жүрек иесінің ісі. Ауыл-аймағына қолынан келгенінше пайдасын тигізуге тырысатын оның еңбегі жоғары жақтан үнемі бағаланып келді. Әрдайым лауазымды қызметтер атқарып, мемлекеттік марапатқа ұсынылуы еңбегінің уақытында бағаланғаны деп білеміз. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ҚБ Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің бас редакторы Сәдуақас Әбдіқадырұлы өзі туып-өскен өңірі мен қызмет еткен аймағына ғана емес, елімізге елеулі азамат. «Парасат» орденімен марапатталған. Елі-жері үшін тынымсыз тер төгіп еңбектенген, адамгершілікті ту еткен ер-азаматтарды ауыл-аймағы уақытында бағалап, құрметтей білсе мәртебесінің асқақтағаны емес пе?!

**Зейнеп АХМЕТОВА, жазушы, «Тіл сақшысы» газеті ақылдастар алқасының мүшесі:**

– Жадырап жаз, күркіреп күз кезегімен алмасып тіршілік дәптерінің талай беттері аударылыпты. Уақыт озған сайын қадірін таныта түседі екен. Қайталанбас, қайтып келмес күндеріңді аңсап, сағынып ойға батасың. Ондай кезде алыста қалған ұмытылмас сәттерің моншақтай мөлдіреп көз алдыңнан өтіп жатады.

Кешегідей бәрі есімде, сонау 1987 жылы жазда Дүкенбай Досжановтың туған жеріне барып творчестволық есеп беру сапарына Бақытжан екеуміз қонақ ретінде шақырылып, қасиетті Сыр еліне ат басын тіредік. Облыстың, қаланың лауазымды жігіттері қошемет-құрметпен құшақ жая қарсы алды. Бұл қонаққа деген жай көңілжықпастық емес, шынайы ықылас, ыстық мейірім сезімдері еді.

Бізге арналған мәдени шаралардың барлығында Қызылорда қалалық партия комитетінің идеология хатшысы Сәдуақас Аңсатов бастап алып жүрді. Алайда сол күндерде қысқа жауаптасудан арыға бармады, ешбір әңгімеге араласпады. Жәлел, Аманкелді секілді басшы қызметтегі жігіттер бізбен емен-жарқын сөйлесіп, арасында әзілдесіп жатқанда да ләм демей үнсіз жүрді. Қаланың бір басшысы ретінде арнайы келген қонақтың жағдайын жасау міндетін атқарып қана жүргендей көрінді. Шынымды айтсам сонда: «Мына бір «жауқабақ», көзқарасы ауыр үндемес жігіттің әдебиеттен хабары шамалы, Коммунистік партияның уставынан басқаны оқымаған, қара тырнағына дейін қатқан партократ болуы керек», – деп ойладым.

Біз бірнеше ауданды аралап, оқырманмен кездесулер өткізіп, Қызылордаға қайта келдік. Алматыға оралатын мерзім жеткенде бізге арнап кең-мол дастарқан жайылып, мазмұнды да мағыналы отырыс болды. Міне, сол кезде әлгі «үндемес» жігітіміз тереңнен толғап, тамырынан тарта термелеп, мәнерлеп тұрып сөйлегенде таңғалғаннан көзім төбеме шықты. Көлеңкеге қарап көйлек пішкендей, адамды жете білмей тұрып, жан дүниесін түсінбей жатып, шолақ ойлап, шұғыл шешім жасағаныма қатты ұялдым.

Біз Сыр елінен рухани байып қайттық, әйгілі сүлейлердің жырлары мен термелеріне сусындап, көкірек көзіміз ашыла түсті. Шынайы достар тауып, өрісіміз кеңейді.

Бақытжан екеуміз талай жерде құрмет-қошемет көріп, талай адаммен дәмдес болдық. Әйтсе де, Сыр елінен тапқан достарымыздай күні бүгінге дейін сыйластығы үзілмегендер кемдекем. Әсіресе Аңсатовтар әулетімен Момышұлы шаңырағының ынтымақ-бірлігі бекімесе, босаған емес. Кез келгенге бүйрегі бұра бермейтін Бақытжанның Сәдуақас дегенде ықыласы ерекше еді. Сәкеңнің жүрегін кір шалмаған тазалығын, достыққа берік адалдығын қатты бағалайтын. Әсілі, адам бойындағы асыл қасиеттер – ар-ұят пен намыс, бұлар адамды нағыз адам ететін беломыртқа тіректер. Сәдуақаста осы тіректердің бәрі бар. Оның ойлау аясы кең, тіршіліктегі сан алуан құбылыстарға өзіндік ой-пікірі бар, өзіндік жеке көзқарасы бар тұлға.

Сәкең – уызына жарыған жан, өйткені ақын анасы Бибісара анамыздың бесік жырын тыңдап, өлеңмен ауызданған. «Басында бұлағы бар өзен ұзақ ағады» деген – осы.

Ер-азаматты зор ететін де, қор ететін де – кейде әйелдер. Сәкең бұл жағынан да маңдайлы. Азаматының басын ардақтап, жанын түсінетін Кенжедей арумен жұптасып, өмірдің ыстық-суығын бірге көріп, ұлды ұяға, қызды қияға қондырғандары үшін бақытты.

> *Сәкең қазақ тілінің дамуына, өрісінің кеңеюіне сәл де болса пайдасы тиеді-ау деген үлкенді-кішілі бастаманың, айтылған сөз бен істелген істің қай-қайсына болса да көңіл бөліп, оны насихаттап, үн қосып отырады. Ал осының тілге зияны тиеді-ау деген тірлікті көрсе, алдын алуға, сақтандыруға әрекет етіп, қарсылығын білдіріп, сын-пікірлерін айтуды өзіне міндет санайды. Тіл мәселесінде ұсақ-түйек болмайтынын жақсы түсінетін нағыз тіл жанашыры, тілі үшін тіресіп, тілі үшін күресіп жүрген тіл қайраткері.*

**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ, «Қазақ тілі» ҚБ вице-президенті, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор:**

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы құрылғаннан бері отыз бес жыл өтті. Кез келген қоғамның, ұйымның қалыптасуы, нығаюы сол қоғамның мүшелері мен тізгінін ұстаған азаматтардың адал қызметі, ортақ мақсат жолында бірлесіп атқарған ісіне тікелей байланысты болады. Бұл тұрғыдан келгенде академик Әбдуәли Қайдар бас болып жаңадан құрылып жатқан «Қазақ тілі» қоғамының да керегесін жайып, уығын шаншыған азаматтар болды. Солардың бірі – бүгін сексеннің сеңгіріне көтеріліп отырған елдің қадірлі ақсақалы Сәдуақас Аңсат.

Сәкеңді Сыр бойы жұрты жақсы біледі. Ол – жұртының сөзін сөйлеп, тілінің жоғын жоқтап жүрген белгілі тіл қайраткері. «Қазақ тілі» қоғамы құрылған күннен бастап осы ұйымның қызметіне араласты. Қоғам мүшесі, облыстық филиал төрағасы, қоғамның төралқа мүшесі болып, білімі мен көп жылғы тәжірибесін, бар күш-жігерін қазақ тілінің өркен жаюына жұмсап келе жатқан елдің елеулі азаматы.

Сәкең «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы ретінде ұзақ жыл еңбек етіп, тіл өрісінің кеңейіп, тұғырының биіктеуіне көп еңбек сіңірді. Сан түрлі шаралар өткізді, мәселе көтерді, көргенін ашық айтты, білгенін жазды. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін өз ұстанымы мен істі ұйымдастыру машығына сәйкес еңбек етіп, іс істеді. Бұл тұрғыдан келгенде ол өңірлердегі филиалдар арасындағы ең белсенді жұмыс атқарған төрағалар қатарында болды десек қателеспейміз.

Тағы бір атқарған ісі – тілдің бар мәселесін сөз ететін, қоғамның үні «Тіл сақшысы» газетін шығаруы. Бас редактор бұл басылымда тілдің ел ішіндегі, өңірдегі көп мәселесін көтерді. Тілге келгенде оның тізгінін тартпай ащы да қатты айтқан тұстары болды. Ондай сөз біреуге ұнаса, біреуге ұнамайтыны белгілі. Соған қарамастан ол қазақ тілінің шешімін таппаған мәселелерін жазудан да, ашық айтудан да жалыққан емес.

2016 жылы «Ана тілі» газетіне «Жеті жұрттың тілін біл, өз тіліңде өмір сүр!» деген мақала жарияладым. Сәкең соны оқып, бізге хабарласып, мақалада көтерілген мәселелерді талқылау үшін дәл осы тақырыппен Қызылорда қаласында конференция өткізетін ойы бар екенін айтты. Айтқанындай сол конференцияны «Қазақ тілі» қоғамы атынан ұйымдастырып өткізді. Конференцияға Астанадан саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір ағамыз екеумізді шақырды. Қатысып, баяндама жасап қайттық.

Сәкең қазақ тілінің дамуына, өрісінің кеңеюіне сәл де болса пайдасы тиеді-ау деген үлкенді-кішілі бастаманың, айтылған сөз бен істелген істің қай-қайсына болса да көңіл бөліп, оны насихаттап, үн қосып отырады. Ал осының тілге зияны тиеді-ау деген тірлікті көрсе, алдын алуға, сақтандыруға әрекет етіп, қарсылығын білдіріп, сын-пікірлерін айтуды өзіне міндет санайды. Тіл мәселесінде ұсақ-түйек болмайтынын жақсы түсінетін нағыз тіл жанашыры, тілі үшін тіресіп, тілі үшін күресіп жүрген тіл қайраткері.

Сәкең қазақ тілінің қамын жеп, өрісін кеңейтемін деп тынбай еңбек ете жүріп, сексеннің сеңгіріне шықты. Деніне саулық, айналасына амандық тілейміз!

**Әбдіжәлел БӘКІР, саяси ғылымдар докторы, профессор:**

– Бүгіндері сексеннің сеңгіріне қол созған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, республиканың Құрметті құрылысшысы Сәдуақас Әбдіқадырұлымен танысқаныма қырық жылдан асыпты. Ол Қызылорда қалалық партия комитетінің екінші хатшысы ретінде құрылыс, коммуналдық шаруашылықпен қатар идеология саласымен де айналысты. Мен облыстық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болатынмын. Содан қаладағы саяси-әлеуметтік және идеологиялық сипаттағы іс-шараларда бірге болып жүрдік.

Сол кездегі сыйластық қазір де жарасымды жалғасын тауып келеді. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Сәдуақас – шындықты, әділеттілікті серік еткен қарапайым азамат. Екіншіден, ұлт мәселесі, әсіресе оның рухының негізі ана тілі жұмсақ та талғампаз жүрегінде ұясын тапқан. Үшіншіден, халық деген ұғымға ерекше көңіл бөледі. Оған қызмет етуді ең абыройлы іс деп санайды. Төртіншіден, еңбекқор, тынымсыз. Осы жасында, осы заманда газет шығарып, оның өрісін жыл сайын кеңейте түсуі де оңай тірлік емес.

Бір ғасырдың соңы мен екінші ғасырдың басында елімізде саяси өзгерістер аласапыраны басталғаны белгілі. Сәдуақас 2000 жылы Астанаға көшіп келіп, республикалық Көші-қон және демография агенттігі төрағасының кеңесшісі қызметінде істеді. Қызылордадағы қарым-қатынасымыз жалғасын таба кетті. Жаңа қоныстанып жатқан кез ғой. Оның құрастыруымен 2002 және 2003 жылдары «Астана қаласындағы Сыр бойы азаматтары (қызметтері, телефондары)» деген атаумен анықтамалық шығардық. Бұл жерлестердің бір-бірінің хал-жағдайларын біліп, хабарласып тұруына мүмкіндік жасады. Бірнеше рет сырбойылықтар жиналып, Наурыз мерекесін тойладық. Осы жұмыстардың басы-қасында белсенділік танытты.

2010 жылы туған жерге – Қызылордаға көшіп келді де, зейнеттен кейінгі өмірі басталды. Қырық жылдай тынымсыз еңбек ету үйде отырғызбады. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы болып сайланды.

Облыстың аудандарында қазақ тілі қоғамдарын оятып, іске қосты. 2013 жылы филиал жанынан республикалық «Тіл сақшысы» газетін шығарып, оның бас редакторы болды. Алайда Сыр бойындағы бұл істер басқа жерде қолдау таппады. Республикалық ұйым ұйқысынан ояна қоймады. Сол себепті 2021 жылы республикалық басшылардың алдында болып, қоғамының қайта құрылуына, 10 жыл бойы ұйымдастырылмаған құрылтайды Түркістанда өткізуге атсалысты. Мен бұл жайларды тегіннен-тегін айтып отырғаным жоқ. Тіл майданының сыншыл сарбазы Сәдуақас Әбдіқадырұлын да толғандырып жүрген осы жайлар еді. Өмірдегі дұрыс та, бұрыс та мәселелерге енжар қарай алмайтын, саяси сергек ойлы кешегі құрылысшы азамат «Қазақ тілі» қоғамының тікелей белсенді құрылысшыларының біріне айналды. Ал адамзат қоғамы негізінен тілден бастау алады.



Фото: Ашық дереккөзден.

# АҚТЫҢ ОТЫ ӨШПЕЙДІ

Тарлан тарихтың қойнауында талайды тамсандырған қаншама сыр жатыр. Елдің беткеұстар сүт бетіндегі қаймақтары қалдырған өнегелі өмір жолы мен ізгілікті ізі көмескі тартып көзден алыс, көңілден таса қалып барады. Халықтың қайраткер ұлдарының бәрін бірдей жарқыратып ел назарына ұсына алмайсың. Себебі, көп жағдай әлі күнге дейін беймәлім. Кеңестік дәуірдегі архив қоры да «өте құпия» деген темір құлыпты ашып беруді күтіп, ішін бермей сазарған күйінде. Қаншама тырбанып баққанымызбен көздеген мақсатымызға қол жеткізу қиын-ақ шаруа болып тұр.

Біз тақырыпқа арқау қылып отырған азамат, қайраткер Сәрсен Оңғаров 1937 жылы «халық жауы» деген ауыр айыппен тұтқынға алынған. Тағылған айып – «ауыл шаруашылығын қасақана жою әрекеттерін жасады». Ақтөбе облыстық полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармасының №18 қорындағы №2041 санды архив іс-құжаттарында осылай деп көрсетілген. 1938 жылдың 15 ақпанында жеке мүлкі тәркіленіп, қылмыстық жазаның ең жоғарғы шарасы – ату жазасына кесу туралы үкім шығарылған. 1959 жылдың 23 қаңтарында КСР Жоғары Соты әскери алқасының қаулысымен Сәрсен Оңғаровқа қатысты үкім тоқтатылып, қылмыс құрамының жоқтығына байланысты іс қысқартылған. Іс құжаттарында фотосуреті сақталыпты. Өте көмескі болғандықтан компьютерлік өңдеу арқылы бет-бейнесін біршама көрінетіндей қылып жобаладық.

Бұл зерттеуіме ол кісінің баласы, ел арасында жырау Тельман атанған белгілі жыршы себеп болды. Туған нағашым Жалпақ Бақтыбаев «Ақшатауда» өмірге келген, кеңес заманының белсендісі болған адам. Бақтыбай мен Оңғар бірге туған. Оңғардан Сәрсен, Сәрсеннен Тельман тарайтын немере туыстар болып келеді. Руы Бердіңұлдың бір баласы Игіліктің ұрпақтары санатында. Тельманды білетін себебім, 1980 жылдардың аяғында «Аманөткелдегі» өзіне қарындас болып келетін анам Жалпаққызы Сүйкінбикеге сәлемдесіп, қонып кеткені бар. Сол тұста көп нәрсеге мән бермегеніме әлі күнге дейін өкінішім де жоқ емес.

Ақшатаулық жетпіс алты жастағы Шанжархан Жұбатқанов кезінде Тельманмен бірге өсіп, біте қайнасып араласқан. Ол кісінің айтуына қарағанда, Сәрсен Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Арал теңізі портында кеме капитаны қызметін атқарып, аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жоғары сенімге ие болған қайраткер жан екен. Арал ауданы сол тұстарда Ақтөбе облысына қарағаны белгілі. Кейіннен аталған аймақтағы Қарабұтақ аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланғаны туралы елдің әңгімесін алдымызға тартты. «Халық жауы» болып ұсталуының басты себебі – Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Ұ.Құлымбетовпен бірге суретке түскені. Сол тұста Ұ.Құлымбетовтің де басына қара бұлттың үйірілгені тарихи шындық.

Осы мәселелер жөнінде Ақтөбе облыстық полиция департаментіне сұрау салып хат жолдағанмын. Полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармасының архиві жоғарыдағы баяндалғаннан басқа мәліметтерді бере алмайтынын айтты. Телефонмен сөйлескен бейтаныс қарындастан қызметке тұратын кезде жазылатын өмірбаяны мен бірінші хатшылығына қатысты сұрағанымда шеті ашылғандай болған сұхбаттың өзінен азардабезер болып шырылдап, ат тонын ала қашты. Кешірім өтініп құпия мәліметтерді бере алмайтынын айтып, ақталуына тура келді. Ал облыстық мемлекеттік архивтің аты-жөнін айтпай хабарласқан қызметкері бірден турасына көшті. «Сіз сұратып отырған Оңғаров Сәрсеннің іс-құжаттары Ұ.Құлымбетовтің ісіне тікелей байланысты. Сол тұстағы басшылықта болған коммунистердің іс-құжаттары жойылып кеткен. Тіпті орталықтың өздері алып кеткен жағдайлары да бар. Сондықтан да еліміздің Орталық архивінен сұраңыз, болмаса іс-құжаттарынан құпиялық белгі алынғанша күтесіз» деп жөн сілтеді. Сұрау салғанымызда Ұлттық архив мекемесінің сақтауында тек қана 1991 жылдан яғни, тәуелсіздік алғаннан кейінгі құжаттар бар екеніне сілтеме жасалды.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті туыстық қатынасты растайтын құжаттарды жолдай отырып қана жүгінуге кеңес берді. Төрағаның орынбасары Р.Әлкенов қол қойған хаттың бірінші сөйлемінде Оңғаров Сәрсенді 1890 жылы туған десе, екінші жолдағы қатарда 1894 жылы Ақтөбе облысының «Қарабұтан» (дұрысы «Қарабұтақ») ауылында дүниеге келген деп көрсетеді. Ақтөбе облыстық прокурорының орынбасары А.Құспановтың қолы қойылған ақтау туралы анықтамада 1896 жылғы, Арал ауданының № 5 ауыл тұрғыны деп жазылған. Дәл осындай мәліметті облыстық полиция департаменті ақпараттандыру және байланыс басқармасының архиві да бере отырып, тұтқындалғанға дейін «Қарабұтақ» МТС-ның директоры болған деген анықтаманы жолдайды. Қарап отырсаңыз, қым-қиғаш мәліметтер, сонда кімге сенеміз?

Сәрсен Оңғаров пен оның баласы Тельманға туысқан және нағашылы-жиен болып келетін, бүгінгі күні Әйтеке би кентінде тұратын, 1939 жылы туған 86 жастағы Көмекбайұлы Жаңабай ақсақал да Сәрсеннің Қарабұтақта аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болғанына және «Шабан» түбегіндегі Шыбықшыда (Шыбықшы – Шабан түбектің бұрынғы атауы) дүниеге келгеніне куәлік беріп отыр. Архив анықтамасында және тұтқынның мәліметтері жазылған анкетада «Қарабұтақта» МТС директоры деп жазылған. Ол кісінің өмір жолына қанық, туып-өскен жеріндегі Тельманмен бірге өскен қариялардың айтуы тіпті де бөлек. Негізінде «халық жауы» болып атылып кеткен Сәрсеннің және басқа да коммунистердің құжаттарының жойылып кеткені туралы айтқан архив қызметкерінің мәліметіне сенгіміз келеді. Қолынан келіп тұрғанда қонышынан басқан кеңестік жазалау машинасының адам айтса сенгісіз сұмдықтарға барғаны да белгілі болып отыр. Сонымен қатар әлдеқашан сүйегі қурап, соңында ұрпақ та қалмаған адамға туыстық қатынасыңды дәлелде деуі де бұрынғы сұмдық заманның елесіндей болып, бермеудің амалын жасаған жансебіл тірлікке ұқсайды.

Ел арасында Сәрсен туралы дерек тым тапшы. Жастау кезінде Дәрікұл жыраумен бірге балық аулаған екен. Дәрікұлға «сен түбінде жырау боласың» депті, себебі, отырған жерінде үнемі ыңылдап, әуенді айтып отыратын көрінеді. Ал Дәрікұл Сәрсенге «сен түбінде қаламның ұшымен күн көресің» деген көріпкелдік болжамын айтыпты. Өмір екеуінің де болжамының тіршілік шындығынан алыс кетпегенін дәлелдеп берді. Дәрікұл Сыр бойына мәлім арқалы жырау атанса, Сәрсен бірінші хатшылыққа дейін көтерілген белгілі қайраткерге айналды. «Қошқар болар тоқтының кеңсірігі дөң болар, адам болар жігіттің етек-жеңі кең болар» деген аталы сөзді Жаратушы иеміз сол асылдарымыздың пейіліне беріп, аузына салған тәрізді.

Туып-өскен жері туралы мәселеге келетін болсақ, №5 ауыл, архив құжаттарына сүйенсек, қазіргі Арал ауданының «Мергенсайына» жатады. Мәселенің шындығы мынадай болып өріледі. Сәрсен Оңғаров «Шабан» түбегінде өмірге келген. Көшпелі өмір салтымызға сәйкес, қазақы ауыл жаз жайлауында «Жалаңаш», «Мергенсай» бетке дейін көшіп-қонғанын үлкендеріміз жиі айтып отыратын. Оған себеп те жоқ емес, анасы Паңғара дәулетін шайқап ішкен бай әулетінің қызы көрінеді. Өмір жолын туып-өскен ауданында бастаған Сәрсен кейін қызмет бабымен «Қарабұтаққа» дейін барғаны мәлім болып отыр. Қаншама жерден құжаттары жоғалып бұрмаланса да, тарихтың шындығы осыған меңзейді.

Полиция департаментінің архив анықтамасында отбасы мүшелері туралы мәліметтер де қамтылыпты. 1937 жылы тұтқынға алынғанда әйелі Жұбай 33 жаста екен. Анасы Паңғара 67 жасқа келіп, пайғамбар жасынан асқанда шектен шыққан орынсыз жаламен перзент қайғысына кездесіпті. Бірге туған бауыры Шұбат 11 жаста деп көрсетілген. Ұлы Трашко (Тұрар) 6 жаста болса, кенжесі Тельман 3 жасар ғана бала екен. Сәрсен атылған 1938 жылдан кейінгі аласапыран кезеңнің әсері болар, анасы Паңғара мен інісі Шұбат, баласы Тұрар туралы ешқандай дерек жоқ. Шамасы «Қарабұтақ» жақта көз жұмған тәрізді. Себебі, елге келмеген және олар туралы сол жерде туып-өскен үлкендеріміз ештеңе білмейді. Әйелі Жұбай ғана Тельманды жетелеп елге жетіпті. Бұл мәліметті көнекөз қарияларымыз да растайды. Жұбайдың бейіті де сол «Шабан» түбегінде жатыр.

Өзі жан-тәнімен беріле қызмет жасап, кеңестік идеяға құдайындай сенген Сәрсен кіші ұлына неміс коммунисі Эрнест Тельманның есімін мұраға қалдырған болса, немере туысқаны Жалпақ ортаншы баласын Сталиннің құрметіне Маршал деп атаған. Жәй ғана сәйкестік пе әлде еліктеу ме, болмаса кездескен сәтте ойласып жасаған тірліктері ме, ол арасын оқырман қауымның еншісіне қалдырдым. Жоғарыда көрсетіліп анкеталық мәліметтерге енгенімен, бұлардың бәрі де бүгінде өмірде жоқ адамдар. «Халық жауының» ұрпақтары ретінде көретін қысым мен қуғынды, тергеп-тексеру, тимiскі әрекеттің барлығын да бастан өткеріп барып, айтар ойын ішке бүккен күйінде сақтаумен кетті. Нағылеті мен наласын сыртына шығара алмай, шерменде күй кешті.

Архив анықтамасына сәйкес, тәркілеу кезінде кейбір жеке құжаттары іске тіркеліпті. ҚАССР 15 жылдығында кеудесіне тағылған төсбелгі, құжаты № 3223 ВКП(б) партиялық билеті. Тәркіленген жеке заттары мен құжаттарының түпнұсқасы істе сақталмаған. Осы арада тағы да жымысқы ойлардың елесі көзге шалынады. Жеке заттары мен түпнұсқа құжаттарының жойылғаны белгілі болып отыр. Неге олар көрсетілмейді? Себеп біреу ғана, мейлінше айғақ қалдырмай, елеусіз дүниелерін қалдыру. Іздену жолындағы әрекетімде қолға мардымсыз ғана деректер түскендіктен, ең болмаса ақтау туралы анықтамасын алайын деп, бірнеше қайтара сұрауыма тура келді. Сондағы айтатындары қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң шыққан. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заңының 2, 4-баптарына сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандары ретінде мемлекеттік органдар шешімі бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалар танылады және ақталған адамдар деп жарияланады. Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде, 1896 жылы туған Сәрсен Оңғаров саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде және ақталған тұлға болып танылады. Хат соңына Ақтөбе облысы прокурорының орынбасары А.Құспанов деп қол қойылған.

Әрине, кеш те болса абзал азаматтың, Аралдың ардақты перзентінің есімі жарыққа шықты, ресми түрде ақтау қағазы қолымызға тигендіктен, осы бір жаңалықты туған халқына таныстыруды, өзі қызмет жасаған ортасына, аудан, облыс жұртшылығына жариялауды жөн санадым. Аруағы разы болсын деген ниетпен.

Сәрсен Оңғаровтың кенжесі Тельман көп қиындықты бастан өткере жүріп, атақоныс «Шабан» түбегіне анасымен бірге қоныс тепті. Шалғайдағы жырақ қоныста күн кешкенімен, «халық жауының» отбасы деген қаралаудан құтыла алмады. Әкесі ұсталғанда үш жаста қалған Тельман кейбір қағазда Сәрсенов, Сәрсенбиев болып жазылып жүрген. Бұл НКВД-ның тимiскі әрекеттеріне байланысты болып шықты. Қайталап соға беретіндерден шаршаған Тельман жақын ағайын болып келетін Қожабайдың әкесінің атына Сәрсенбаев болып жан бағу үшін жазылуына тура келіпті. «Бәледен машайық қашыпты» дегендей аласұрған тірлік емес пе? Болмаса қай бала өз әкесінен, өз тегінен бас тартуы мүмкін. Адам баласының ақылына сыймайтын кереғар тірлік болса да, тарихи шындық куәгерлерінің көзі тірі, өзі ірі болып ортамызда жүргені ақиқат.

Елге, ағайын арасына көшіп келіп орнығып, ес жиғаннан кейін Арал қаласында да біршама уақыт тұрақтапты. Кәсіптік-техникалық училищеде оқып, тракторшы-машинист мамандығын меңгергені белгілі болып отыр. Аралда да тұрмыстың жүдеу шағы болғандықтан, біршама қиыншылыққа төзуге тура келген. Осындайда жақсы әкенің шарапатын көрген ел азаматтары Сәрсеннің отбасына көз қырын салып жүруді адамгершілік парыз санаса керек. Кезінде партиялық, кеңестік басшылық орында қызмет атқарған Алданазар Баймағанбетов Тельман мен оның анасына қамқорлығын аямапты. Тарихтың тозаңына әлдеқашан көміліп қалған адами, қайырымдылық пен адалдықтың үлгісіндей болған жалқы мысал елеусіздеу болып, су түбіндегі асыл тастай көзді қарықтырады екен.

Жасынан зерек, өнерге бейім Тельман жыршылыққа ден қойды. Ұстазы Әбілда Маханбетов жыраудан үйреніп, Нұртуған ақынның «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Аққете-Шернияз» дастандары мен Нұрмағанбет Қосжанов жырлаған «Сартайдың» қиссаларын меңгеріп, өзі де танымал болды. Алқалап келген әлеуметтің алдында ұстаз аманатын орындап, Әбілда жыраудың шығармаларын насихаттаушыға айналды және оның негізгі сақтаушы мұрагері деген тарихи бағаны да иеленді. Халқы құрметтеп Тельман жырау атандырды. Әншілігі мен жыраулығы жұртшылықты өзіне баурап алатын деңгейге жетті. Ең бастысы, кеудесін қағатын кердеңдіктен ада болып, өзін жоғары ұстамады. Мен білемін демей-ақ, қарапайым, елеусіздеу ғұмыр кешті.

Алайда адам аласы ішінде деген емес пе? Оның қарапайымдығы мен ақ көңілін пайдаланған әлдекімдер ұстазы Әбілда жыраудың мұраларын қолды қылып, иемденіп кеткені өкінішті тарихымызға айналды.

Өмірдің қиындығы мен азабын бір адамдай-ақ арқалаған Тельман 2003 жылы 10 желтоқсанында суға кетіп, қайтыс болды. Текті әулеттің соңғы тұяғы осылайша өмірден өтіп, тарих жылнамасынан да өшірілді. Бірақ ел жадында, адамдардың санасында сақталып қалыпты. Арал аудандық азаматтық хал актілерін жазатын бөлім бастығы З.Айтжанованың қолы қойылған қайтыс болу туралы куәлігінде де Тельман Сәрсенбаев деп жазылыпты. «Халық жауының» баласы деген қара таңбадан құтыламын ба деген үмітпен басқа адамның атына амалсыз жазылған Сәрсенбаев тегінен өлгенде де құтыла алмаған көрінеді. Үміттің ақталмағаны өкінішті-ақ. Мәселеге тағдырдың жазуы дегеннен басқа алып-қосарымыз жоқ. Бейіті атақоныс «Ақшатаудың» «Шабан» түбегінде.

**Тәңірберген ДӘРМЕНОВ**

## Өмірбек ЖҮСІПОВ



Сыр өңірінің теміржол саласында өзіндік қолтаңбасы бар, Қазақстан Республикасының Құрметті теміржолшысы, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Сыр топырағының төл перзенті Жүсіпов Өмірбек Жүнісұлы дүниеден өтті.

Ө.Жүсіпов 1950 жылы Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. 1966 жылы №123 орта мектепті бітірді.

1968-1973 жылдары Ташкент теміржол көлігі инженерлері институтында «Теміржол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және басқару жөніндегі инженер» мамандығы бойынша білім алған.

1976-1978 жылдары «Арал теңізі», 1978-1983 жылдары «Жосалы», 1983-1998 жылдары «Төретам» стансаларының бастығы қызметтерін абыроймен атқарды. Байқоңыр қалалық мәслихатының депутаты болды.

1998 жылы «Қазақстан теміржолы Ұлттық компаниясы» ЖАҚ – «Қызылорда тасымалдау бөлімшесі» филиалы директорының орынбасары қызметіне жоғарылады. Ел алдындағы ұзақ жылғы нәтижелі еңбегі мемлекет тарапынан еленіп, «Қазақстан Республикасының Құрметті теміржолшысы» атағы берілді. 2006 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

2004 жылдан бастап «Қазтеміртранс» АҚ Қызылорда филиалының директоры болып қызмет атқарды.

I, III, IV, V шақырылған Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты.

Жұбайы екеуі 4 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді.

Асыл аға, ардақты азамат, Сырдың парасатты перзенті Өмірбек Жүнісұлының жарқын бейнесі біздің жадымызда ұзақ сақталады.

**Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихат,
облыстық қоғамдық кеңес,
облыстық ардагерлер кеңесі**

# «АЛҒАШҚЫ» КІТАБЫНЫҢ ТАНЫСТЫРЫЛЫМЫ

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Нұрлыбек Мыңжастың «Алғашқы» кітабының таныстырылымы өтті. Жинақ – «Сыр саңлақтары» сериясымен жарық көрген бірінші кітап. Жалпы «Сыр саңлақтары» сериясының мақсаты – облыстың жан-жақты дамуына елеулі үлесін қосып жүрген, елі қадірлейтін, жастарға үлгі бола алатын, биік парасат иелерін таныстырып, олардың халыққа жасаған қамқорлығын кеңінен насихаттау.

Кітап мұнай өндірісінің білікті инженері, майталманы Ғалым Баймановтың еңбек жолына арналған. Геология мен мұнай өндіру саласына еңбек сіңірген Ғалым Дүйсенбайұлы Сыр мұнайын игерушілердің алғашқы легінде болған. Өндірістің өркен жаюына сүбелі үлес қосқан.

«Алғашқы» кітабы 2024 жылы Алматы қаласындағы «Service Press» баспаханасында 300 данамен жарық көрген. Барша оқырман қауымға арналған.

Кітап таныстырылымына мемлекет және қоғам қайраткерлері Нажмадин Мұсабаев, Шәкизат Төребаев, философия ғылымдарының докторы Баймырза Қожамберліұлы, медицина ғылымдарының докторы Марат Абдуллаев, «Қор» компаниясының директоры Дәулет Дәукенұлы, Еңбек Ерлері Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев, мұнай саласының, мұнай және газ саласы бойынша білім беретін оқу орындарының басшылары, баспасөз өкілдері және кітапхана оқырмандары қатысты.

## Хабарландыру

«Бал Диқан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 10.02.2025 жылы сағат 15:00-де кезектен тыс жалпы отырысы болатынын хабарлайды. Жиналыс жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрамындағы кейбір үлескерлердің мүшеліктен шығу мәселесі және үлескерлерге есеп беру.

**Өтетін орны:** Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун ауылы, Ә.Жүргенов көшесі 43.

**«Бал Диқан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

## Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2025 жылдың 16 қаңтар күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің 2024 жылғы атқарылған жұмыстарының қорытындысын бекіту туралы.
2. Серіктестіктің 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджет пен штат кестесін бекіту туралы.
3. Серіктестіктің қатысушылары үлестеріне сәйкес дивидент беру туралы.
4. «АНК» АҚ-мы арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.
5. Кредиттік серіктестіктің филиалдар мен өкілдіктерін ашу/жабу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

**«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.**
(БИН: 040 540 001 348)



# Бір қалып

Оның есімі Сыр өңірін дамытуға елеулі үлес қосқан талантты ұйымдастырушы, халыққа қалтқысыз қызмет жасаудың өнегесі іспеттес, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде елге жақсы танымал. «Қалауын тапса қар жанар» дегендей бойындағы табиғи дарын, ерекше жігер, қабілет-қарым, жоғары талапшылдық пен еңбексүйгіштік сынды асыл қасиеттерінің арқасында желдің өтінде жүріп те, басшылық қызметтерде де, ҚР Парламенті Сенатына екі мәрте сайланғанда да халқына адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсетті.

Ол «ақырын жүріп анық басты» (Абай). Мінезіне мүсіні үйлесті. Көркем мінезімен көркем сөйледі. Ал көркем сөз, көркем мінез – көрікті ойдың көрінісі. Құнды сөз құнарлы ойдан ғана туады емес пе?!

Ол аспады, таспады, бір қалыптан шықпады, салқын сабыр мен адастырмас алдаспан ақылды басшылыққа алып өмір сүріп келеді.

Бір қалыпты болмысын ұлт перзентіне тән қасиеттер мен сипаттар мейлінше ажарландыра түсті. Елге қызмет етіп, биік белестерге көтерілген Бекмырза Қайыпұлы Еламанов мерейлі 75 жасқа толды. Қуаныш үстінде мерейтой иесіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, игі жақсылықтар тілеймін!

**Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ**

КӘСІП ПЕН НӘСІП

# КОНДИТЕРЛІК ЦЕХ ЖЕЛІСІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Қызылордалық Анар Раманова – көпбалалы ана, жоғары білімді маман. Жақында ол қаланың екі аймағынан кондитерлік цех ашты. Нан, тәтті өнімдер шығарады. Осылайша жергілікті халықты өз тауарымен қамтып отыр.



– Ұзақ жылдар бюджет саласында жұмыс істедім. Бастапқыда Астана қаласында тұрдық. Бала күтіміне байланысты еңбек демалысында отбасылық табысты арттыру үшін кәсіп бастадым. Нарық сұранысына сай кофе және өзге де сусындар ұсынатын шағын кафе аштым. Аз уақытта кәсібіміз алға басып, тұрақты табыс әкеле бастады. Өзім де біраз тәжірибе жинадым. Кәсіптің қыр-сырын зерттеп, меңгердім. Бірақ жолдасымның жұмысы Қызылорда қаласына ауысып, осында көшіп келдік. Бұрын кафе ашқанда тәтті өнімдерді өзге кәсіпкерлерден сатып алатынмын. Тез өтіп кететін. Содан неге өзіміз дайындап, кәсіпті кеңейтпеске деген ой келді. Сол себепті кондитерлік цех аштым,– дейді ол.

Қазір цех жұмысы жанданып келеді. Жақында үшінші нысанды ашу үшін еңбектеніп, 6 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

– Еңбек еткеннің күні жарық. Бір табысқа қарап отыруға болмайды. Оның үстіне көпбалалы отбасы болғандықтан, жолдасыма қолғабыс еткім келді. Ойымды жеткіздім, қолдады. Басында қалай болар екен деген ой болды. Біраз іздендім. Негізі бала күнімнен кондитерлік өнімді үйден пісіретінмін. Қолымнан келетін іс болғандықтан бір шешімге келдім. Тәтті өнімнің түр-түрін пісіріп, сөреге қойдым. Келушілерге ұнады. Тұрақты тұтынушылар көбейді. Білікті мамандарды жұмысқа алдым, –дейді ол.

Кәсіпкер мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрді. Қаржы институттарының жұмысымен танысып, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы ұсынған бағдарламаны тиімді пайдаланды. Бағдарлама арқылы 30 млн теңге жеңілдетілген несиеге қол жеткізді. Жылына 6 процент ғана қосылады. Қаржыға цехқа қажетті соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар сатып алды.

Кондитерлік цех күніне 400-500 дана нан өнімін шығарады. Әсіресе, ыстық таба нан мен тәтті бәліштерге сұраныс жоғары. Нанның 20 түрін пісіреді. Одан бөлек тапсырыс қабылдайды.

– Біздің өнімнің басты ерекшелігі – нанды жасанды ашытқысыз дайындаймыз. Адам денсаулығы үшін зиянсыз. Тұтынушылар да осы жаңашылдығымызға алғысын білдіруде, – дейді кәсіпкер.

**Сара АДАЙБАЕВА,**
**«Сыр бойы»**

СЕРГЕК

Әлем чемпионы Марат Сатыбалдиев секілді талантты жастарға ақжол сілтеген Қызылорда велоспорты сол тұғырынан тайған емес. Тас жол үстіндегі тартысты бәсекеде талай мәрте топ жарған саңлақтар туған топырақтың абыройын арттырып келеді. Одан кейінгі жылдарда жастар арасында Әлем чемпионы болған Сергей Капустин, Азия чемпионы Берік Көпешов жергілікті жанкүйерлердің мақтанышына айналды.



Фото: Ашық дереккөзден.

# ВЕЛОСПОРТТЫҢ ӨРКЕНІ

Бүгінде Марат Сатыбалдиев Қызылордаға жиі ат басын бұрып, өзінің атындағы турнирдің жылма-жыл тұрақты өткізілуіне көңіл бөліп жүр. Ал Берік Көпешов жергілікті велоспорт мектебінде басшылық қызмет атқарады. Қай-қайсысы да алдағы уақытта өз ізбасарларының толағай табысқа кенелетініне зор үміт артады.

– Мен кәсіби велоспорттан 2012 жылы кеттім. Содан бері бапкерлік қызметке бет бұрдым. Қызылорда қаласындағы арнайы мамандандырылған велоспорт мектебінде шәкірт тәрбиелеуге атсалысып келемін. Кезінде бізге аға буын өкілдері тәлім берді. Енді сол міндет бізге жүктелген. Ел арасында нағыз таланттар бар, соларды іздеп табуға бар күшімізді саламыз.

Велоспорттың қаншама ережесі бар. Бастысы, баланың қауіпсіздігі де назардан тыс қалмайды. Шәкіртіміздің жоғары биіктен көрінгенін қалаймыз. Аға буынның жеңісті жолын жалғастырғымыз келеді. Бұрынғыдай емес, қазір материалдық-техникалық базаны жақсарту бағытында оң істер бар. Кезінде өзіміз салмағы ауыр велосипедпен жаттығу жасайтын едік. Қазір талапқа сай келетін техника саны молайды. Бұл шәкірттердің шеберлігін шыңдауға барынша үлес қосады, – деді Берік бізбен әңгімесінде.

Қазір облыс велоспортында Асылхан Тұрар, Ғабиден Әзен, Ердәулет Егізбай, Саят Айдархан, Аслан Силықбек, Диас Тұрат, Роман Хегай, Аружан Рақымжан, Алина Карасёва, Аружан Тоқбаева, Анжела Соловьева, Екатерина Апачиди, Елизавета Склярова, Бибінұр Бектаева, Анна Проскурина, Әлихан Шыңғысұлы, Ринат Ерік, Мақсат Шамшадин, Мадияр Мүбәраков, Абзал Рахманов, Нұрсұлтан Айдарбек сынды жастар өсіп келеді. Олар әлемдік және құрлықтық додаларда ел намысын абыроймен қорғап, жүлдегерлер қатарынан жиі көрініп жүр. Республикалық біріншілікте алдыңғы орын алған қызылордалық велошабандоздар аз емес.

2022 жылдан бері аталған мектеп базасында «Велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Қазір мұнда 11 бапкер-оқытушы қызмет атқарады. Олардың 8-і – жоғары санатты мамандар. Спорт клубы ретінде жұмыс бастағаннан кейін көптеген мүмкіндікке жол ашылды. Нәтижесінде 15 спортшы-нұсқаушыға жалақы төлеуге мүмкіндік жасалды. Бұл велоспортпен кәсіби деңгейде айналысып жүрген жастарға ерекше қолдау ретінде бағаланады. Сол арқылы олар шеберлігін жетілдіруге көңіл бөледі. Сондай-ақ спортшылар бұрынғыдай өз мансабын орта жолдан тастап кетпейді. Бапкерлер әрбір шәкіртін тәрбиелеуге күш жұмсайды. Осындай жағдайларды ескерсек, спортшылардың белгілі бір жасқа дейін сан алуан сайыстарға қатысуына қолдау көрсеткеніміз артық емес. Көп жылдар бойы осы мәселе ескерілмей келген еді.

– Велоспорт бәсекесі олимпиадалық ойындар күнтізбесінде бар. Төрт жылда бір мәрте өтетін әлемдік шарада шоссе, трек, маунтинбайк секілді түрлерінен жүлделер сарапқа салынады. Біздің облыста олардың барлығы қамтылған. Қазір спорт клубында 200-ге тарта шәкірт тәлім алып жүр. Олардың жүзге жуығы алғашқы дайындық сатысында шеберлігін шыңдап жүрсе, қалғаны оқу-жаттығу жиындарына қатысады. Көптеген жарыста өздерін жақсы қырынан танытып үлгерді. Әрқайсысынан үлкен үміт күтеміз. Нәтиже көп еңбектің арқасында келеді. Алдыңа үлкен мақсат қоя білсең, сол үшін барлық күш-жігеріңді салуың тиіс. Шәкірттерімнің сенімді ақтап жүргені қуантады, – деді бапкер Жандос Махамбетов.

Бұрынғы жылдары облыста велоспортпен тек Қызылорда қаласында ғана айналысуға мүмкіндік бар еді. Жергілікті басшылықтың қолдауымен қазір мұндай орындар аудандарда ашылып жатыр. Қазалы ауданында велоспорт клубының бөлімшесі тұсауын кесті. Бұл орынның материалдық-техникалық базасын жақсартуға көңіл бөлінді. Қазір онда 10-15 жас аралығындағы 30-ға тарта жас өрен велоспорттың қыр-сырын үйреніп жүр. Қазірдің өзінде тәлім алып жатқан спортшылар республикалық және облыстық турнирлерде бақ сынап үлгерді. Үміт күткен екі үздік спортшы облыс орталығындағы Жалаңтөс баһадүр атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына қабылданып, шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік алды.

Сондай-ақ Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентіндегі №176, Белкөл кентіндегі №179 мектептерде велоспортқа арналған бөлімшелер ашылды. Ал қазан айында Арал қаласындағы №19 балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінде арнайы ғимарат бөлінді. Оған қоса «Бәйтерек» шағын ауданындағы №287 мектепте осындай орын тұсауын кесті. Айта кететін жайт, Байқоңыр қаласында арнайы бөлімше ашылып, онда алғаш рет республика біріншілігі өтті.

Биыл қызылордалық велоспортшылар 106 медальға ие болды. Оның ішінде Азия біріншілігі мен кубогында 5 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль бар. Ел біріншілігінде 27 алтын, 16 күміс, 16 қола алды. Өзге де халықаралық және республикалық жарыстарда жүлде қоры толықты.

**Әділжан ҮМБЕТ,**
**«Сыр бойы»**

ДЕНСАУЛЫҚ

# ТҰМАУДЫ ЕЛЕМЕУГЕ БОЛМАЙДЫ

Кейбір адамдар салқын тигізіп, қайта-қайта түшкіреді де, оған өздері «тұмаумын» деп диагноз қойып алады. Сөйтіп, мұрны бітіп, көзі жасаурап, жұмысынан қалмай, жан-жағына жұқтырып жүре береді. Оның үстіне қыс айларында суық тиген адам саны да күрт көбейетіні мәлім. Бұл кезде тыныс алу жолдарын қабындыратын жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) көп таралатыны белгілі. Себебі, ауа арқылы тарайтын инфекция түшкіргенде, жөтелгенде бірінен екіншісіне тез жұғады.

Қазақстанда жыл сайын эпидемиологиялық кезеңде, яғни, қыс айларында 800 мыңнан 1 миллионға дейін адам тұмаумен ауырады. Оған «жеңіл өтетін ауру ғой» деп немқұрайлы қарайтындар да кездеседі, адам ағзасының басқа органдарына әсер етіп, қауіпті асқынуларға ұшыратататынын біле бермейді.

Тұмау – ұжымдық ауру, сондықтан ауырған адам айналасындағыларға (үйде, жұмыста, көлікте, көпшілік орындарда) жұқтырады. Бұл аурудың қыс айларында кең етек жаюы адамдардың жұмыс орындарда, балалардың мектептерде, балабақшаларда және қоғамдық көлікте тығыз байланыста және өте белсенді болуымен түсіндіріледі.

Тұмау вирусы ауадағы белсенділігін төрт сағатқа дейін сақтайды. Сонымен қатар, оның көбеюіне ыңғайлы температура – бұл адам денесінің температурасы. Сілекей мен қақырық тамшыларында болатын тұмау вирусы төсек-орынға, жұмыс үстеліне және басқа да заттарға сіңгеннен кейін белсенділігін екі аптаға жуық, ал бөлме шаңында бес аптаға дейін сақтайды. Барлық дезинфекциялаушы құралдар тұмау вирусын тез жояды және осы құралдарды қолданып, стандартты ылғалды тазалау – үй-жайларды зарарсыздандырудың тиімді тәсілі. Бөлмелерді жиі желдетіп тұруды да ұмытпаған жөн. Жоғарғы тыныс жолдарына түскен кезде вирус жасушалардың қабықшаларын зақымдап, оның ішіне кіреді де, тез көбейеді. Жұқтырылғаннан кейін алғашқы тәуліктердің аяғына қарай бір вирус ондаған триллионнан аса вирустық бөлшекті түзеді. Көбейген вирустар жоғарғы тыныс алу жолдарынан шыққаннан кейін жасушалар бұзылады.

Тұмаудың негізгі белгілері – мұрынның бітелуі,тамақтың жыбырлауы, әлсіздік, дене қызуының 40 градусқа дейін көтерілуі, қалтырау, көз қарығу, буынның және бұлшық еттің, бастың және тамақтың ауыруы және жөтелу. Жасушалардан шыққаннан кейін кейбір вирустар қанға өтеді және қанмен бірге ары қарай бүкіл организмге таралады. Сол кезде қан тамырларын, ішкі органдарды зақымдайды. Қан тамырларының өте анық байқалатын өзгерістері өкпеде және мида байқалады. Адам ағзасының иммунитетін төмендетеді. Инкубациялық кезең бірнеше сағаттан бастап 2-3 күнге дейін созылады. Тұмаудың жеңіл түрімен ауыру ұзақтығы – бір апта. Асқынуға құлақ, тамақ, мұрын аурулары, жүйке жүйесіне байланысты асқынулар, сондай-ақ созылмалы аурулардың – жүрек-қан-тамыр, өкпе, бронх, қант диабеті және эндокриндік жүйенің басқа да ауруларының өршуі жатады. Екі жасқа дейінгі балаларда, созылмалы аурулары бар және жасы үлкен адамдарда ауыр өтеді.

Егер сізге салқын тиіп, бұлшық етіңіз ауырып, көзіңіз қызарып, мұрныңыздан су ақса, оқшауланып, төсектен тұрмауыңыз керек. Лимон, таңқурай, бал қосылған шай, минералды су, итмұрын тұнбасы секілді сұйықты көп ішіп, үйіңізге дәрігер шақыртыңыз.

Тұмауды елемеуге болмайды. Себебі, ол тыныс алу жолдарын зақымдайтын асқынулармен қауіпті. Оларға бронхиттер, фарингиттер, пневмония жатады. Бұлар, әсіресе, жас сәбилерде, қарт адамдарда және жүкті әйелдерде жиі кездеседі. Аллергияға бейім адамдарға асқынулар зардабын тигізбей қоймайды. Өйткені, қолқа демікпесіне айналып кетуі мүмкін. Бактериялық флора қосылған жағдайда, созылмалы пиелонефрит және басқа созылмалы аурулардың ошақтары асқына түсуі ықтимал. Бұл қауіпті асқынуларға жол бермес үшін уақытында медициналық жәрдем алу өте маңызды. Тұмау мен жедел респираторлық вирустық инфекцияны жүрдім-бардым емдеп жүре беру жас сәбилер мен қарт адамдардың денсаулығына нұқсан келтіруі әбден мүмкін. Сондықтан оған немқұрайлы қарамай, дер кезінде дәрігерге көрініп, тиісті ем қабылдаған жөн.

Тұмаудың алдын алу үшін әрқашан жеке бас гигиенасын сақтап, бөлмені әлсін-әлсін желдетіп, беторамалды жиі ауыстырып, таза ауада көп болу қажет. Ең дұрысы, құнарлы тамақтанып, денені шынықтырып, мықты иммунитетті бала кезден қалыптастырған дұрыс.

**Аққеңіс БЕКБАТЫРОВА,**
**Қазалы көпбейінді орталық ауруханасының мейіргері**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 23546** **Тапсырыс №32** | Кезекші редактор **Шынар БЕКПАН**